

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru | №57 (5720), 7 мамыр, сейсенбі, 2019 жыл.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ЗИЯЛЫҢ СӨЗІ

ЖӘРМЕҢКЕ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

**ВЕЛОТРЕК
ПАЙДАЛАНУҒА
БЕРІЛДІ**

2

**ҒАЛИЯНЫҢ
СӘН САЛОНЫ
БОЛҒАН**

3

**ҚАЗАҚСТАНДА
ЖАСАЛҒАН**
Шетелдіктер біздің
тауарларға қызығушылық
танытуда

6

**ЖЕР БЕТІНДЕ
781 МЛН. АДАМ
САУАТСЫЗ**

12

■ БҮГІН — ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:


ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫН ҚОРҒАУ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, өткен жұмада Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Айбалта-2019» стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуына барды. Ал кеше астанамыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру рәсіміне қатысты.

**ҚАЗАҚСТАН АРМИЯСЫ –
МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМДІ
ҚАЛҚАНЫ ӘРІ ТІРЕГІ**

Мемлекет басшысына «Айбалта-2019» командалық-штабтық оқу-жаттығуының негізгі кезеңдері мен міндеттері туралы баяндалды. Оқу-жаттығу барысында шартты қарсыласты жою кезіндегі Қарулы Күштердің мүмкіндіктері көрсетілді.

Қазақстан Президенті командалық пунктке барып, әскери техникалар мен қару-жарақ үлгілерін, инфрақұрылымдық нысандарды, соның ішінде модульді жылжымалы госпитальді, механикаландырылған нан зауытын,



азық-түлік қоймасын, пилотсыз ұшатын аппараттарды басқару пунктін аралап көрді.

Жоғарғы Бас қолбасшы әскерилерді оқу-жаттығуды табысты аяқтауымен, сондай-ақ, алдағы Отан қорғаушылар күні және Жеңіс күні мерекелерімен құттықтап, қызметтеріне табыс тіледі.

– Қарулы Күштердің басты міндеті – Тәуелсіздік пен ел аумағының тұтастығын қорғау. Мемлекеттің сенімді қалқаны әрі тірегі саналатын Қазақстан ар-

миясы – күшті әрі мобильді. Бүгін сіздер тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштерінің қуатын көрсеттіңіздер. Әскери бөлімшелер кәсіби дағдылары мен жауынгерлік рухын іс жүзінде дәлелдеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы далаға тігілген әскери лагерьге барып, «солдат ботқасынан» дәм татты, қатардағы сарбаздармен әңгімелесті.

2-бетті қараңыз.

АЙТПАҒЫМ...

АЛМАТЫДА САТИРА САРАЙЫ АШЫЛСА

Күлкі кемеңгері, әзіл-оспақтың ханы Оспанхан Әубәкіров тірі болғанда 85 жасты толтырар еді, жарықтық

Қали СӨРСЕНБАЙ

Осағансыз күліп келе жатқанымызға 33 жыл толығты.

Өзі жоқ демесеңіз, күлкісі әлі күнге ортамызда жүр, жүре де береді. Қазір күлкі көбейді, әрине. Не болса соған күлетін болдық. Осағанның кезінде күлсек те ойланып қалатын едік. Қазір ойсыз, мәнсіз күлкі ырғын боп тұр. Осағанның орны ойсырап тұр. Шынайы, риясыз күлкіні сағынғанда Осағанды оқимыз. Оқыған сайын кеңілдеп күліп, көңіліміз өсіп қалады. Классика деген сол, оның күміс күлкісі керуен-керуен болып келешекке тартып барады. Бұл – ешқашан қартаймайтын, ортаймайтын, әркіммен бірге жасай беретін жасампаз күлкі, кемеңгер күлкі. Классик деген сол, кейбір театрлар күлдіре алмай тоқырап жатса, Осағанды ақтарады да іздегенін табады, тап бүгінгі күнді де айтып кеткен ғой, кемеңгерім!

Осағанды кейде жер-көктен теңеу таппай түріктің Әзиз Несиніне апарып теліміз. Осаған Несин де, басқа да емес, қазақ күлкісінің кемеңгері.

Бір пендеден бір пенде кенде туар,

Бірі жемге, біреуі емге туар.

Емге туар есіл ер, кешен туар,

Жемге туар қу мешкей демде туар.

Артындағы бірден-бір жоқшысы, арақидік жариясыз жатқан дүниелерін «Ақшамға» ұсынып тұратын Нұрсұлу апамыз кей-кейде Осағанның қолының табы қалған осындай осып түсетін өлеңдерін оқып көңілі босап, жылап та алады. Пенделер туралы ойланады.

Осы біз кез-келген туындысы оқылатын «әзіл-оспақтың ханы», «күлкінің кемеңгері» Оспанханды ұмыттық-ау деймін. Әйтпесе, «КВН-нің» күлкісіне қарап қалмас едік қой.

Осағандай қазақтың біртуар қаламгерлерінің өмірі осы қалада өтті. Солардың көбісі сатирик болмаса да айтқыштығымен аңыз боп қалды. Айтпағым: Алматыда солардың бәрінің басы қосылып, Осағанды ортаға алып кеңілдеп күліп тұратын, кіргеннен күле беретін, езуің жиылмайтын Сатира сарайы ашылса дейсін. Ол тек Осағанның ғана емес, күллі қазақтың күлкісі болар еді-ау, шіркін. Күлкі болғанда кісі өлтіретін, шынайы күлкі. Қашанғы өтірік күле береміз. «Байға қарағанда кедей мән-мағынасыз көп күледі» деуші еді бұрынғылар. Сол күлкіге тап келіп тұрмыз-ау қазір. Мына қу тірліктің азабы қажытқанда сол сарайға кіріп шығып, шын күліп, тазарып тұрсак, қанеки?!



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ЕЛ ТҮТАСТЫҒЫН ҚОРҒАУ



(Жалғасы. Басы 1-бетте).

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – БІЗДІҢ АРМИЯМЫЗДЫҢ БАСТЫ БАҒДАРЫ

Кеше Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру рәсіміне қатысушыларды Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңіс мейрамымен құттықтап, әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне қосқан үлесін ерекше атап өтті.

– Батыр бабаларымыз аманат етіп қалдырған кең байтақ жерімізді қорғау – бәрімізге ортақ парыз. Сіздер сияқты ержүрек ерлеріміз Отанымыздың тыныштығын күзетіп тұрғанда еліміздің болашағы әрқашан жарқын боларына мен кәміл сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саяси жүйесінің берік негізі ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әрқашан айрықша мән бергенін атап өтті.

– Егемендікті, Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен ұлттық мүддені қорғау – біздің армиямыздың және Күштік құрылымдардың басты бағдары. Бұл стратегиялық маңызды міндеттерді шешу үшін командирлер корпусына – генералдар мен офицерлерге зор жауапкершілік жүктелді. Әскер мен құқық қорғау органдарындағы ахуал мен әскери дағдының сапасы сіздердің сауатты басшылықтарыңызға байланысты. Сіздердің барлық күш-жігерлеріңіз, білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қабілетін, құқықтық тәртіп пен конституциялық құрылысты қорғау жөніндегі құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтің тиімді жұмысын арттыруға бағытталуы тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев генералдар мен офицерлерге арнаған сөзінде бұл жоғары шендер мен арнаулы атақтар олардың еңбектерінің лайықты жемісі екенін атап өтті.

– Бұл – Сіздердің тек кәсіби және жеке сіңірген еңбектеріңіздің еленуі ғана емес, сондай-ақ, одан да ауқымды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жауапкершіліктің жаңа деңгейін білдіреді. Қуатты әрі өркендеген Қазақстанды құру жолында барлық күш-жігерлеріңізді жұмсайтындарыңызға сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Рәсім барысында 2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі шені – Ф.Нұрдаулетовке, М.Ахметжановқа; полиция генерал-лейтенанты арнаулы атағы – А.Шпекбаевқа, Е.Тұрғымбаевқа; генерал-лейтенант әскери атағы – М.Алтынбаевқа; Мемлекеттік

қузел қызметінің генерал-майоры арнаулы атағы – Ә.Жүсіповке; ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры арнаулы атағы – Д.Ерғожиңге, Т.Әлімжановқа, М.Ирменовке, А.Төлеуовке, Б.Уәлиниязовқа; сыртқы барлау генерал-майоры арнаулы атағы – Б.Найзабековке; 3-санатты жоғары біліктілік сыныбы К.Сәнтаевқа; генерал-лейтенант әскери атағы – Ә.Халықовқа, генерал-майор әскери атағы – М.Аймашевке, А.Ашировқа, Ф.Бөденевке, А.Жұмағалиевке, Т.Қайырбековке, Т.Мұратбаевқа, А.Мұстабековке; контр-адмирал әскери атағы – С.Бекжановқа; 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі шені – К.Жақыпбаевқа, Б.Жүйріктаевқа, М.Сексембаевқа; полиция генерал-майоры арнаулы атағы – К.Дөлбековке, А.Дүйсембаевқа берілді.

БІЗДІҢ КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЫЗ АЙБЫНДЫ ӘРІ МОБИЛЬДІ КҮШКЕ АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысы мемлекеттік наградалар тапсыру барысында салтанатты шараның Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекелері қарсаңында өтуінің де мәні зор екенін айтып, қауіпсіздік пен қорғаныс саласының аса маңызды екеніне тоқталды.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде жоғары санатты, білікті сардарлар мүлде аз болды. Тұңғыш Президентіміз әр сарбазды жігерлендіре отырып, айбынды әскер құрды. Бүгінде біздің Күштік құрылымдарымыз заманауи техника мен технологияны меңгерген. Олар кез-келген қауіп-қатерге қарсы сокқы бере алатын айбынды әрі мобильді күшке айналды. Жақында ғана өткен «Айбалта–2019» оқу-жаттығуы – соның айқын дәлелі, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев адам өмірін өрттен, судан арашалап қалған бейбіт күннің батырларының ерліктері туралы да айтты.

– Сіздердің бейбіт күндегі ерліктеріңіз бен игі істеріңіз өскелең ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Сондықтан бүгін біз мінсіз әскери қызметімен, ерен ерлігімен дараланған азаматтарды марапаттау үшін жиналып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты шарада Мемлекет басшысы әскери және құқық қорғау саласының үздіктерін I және II дәрежелі «Данк», II және III дәрежелі «Айбын», «Құрмет» ордендерімен, сондай-ақ «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапаттап, мемлекеттік наградаларды тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев марапатталушыларға мінсіз қызметі үшін алғысын білдіріп, оларға зор денсаулық, отбасыларына береке, жана табыстар тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ВЕЛОТРЕК ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Орталық Мәдениет және демалыс саябағында заманауи велотрек ашылды. 1979 жылы салынған нысан 30 жыл бойы жұмыс істемеген. Қала әкімдігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидасы және «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілік қолдауы арқасында велотректі қайта жөндеуден өткізді.

Салтанатты шараға қала әкімі Бауыржан Байбек және «Самұрық-Казына» ӨАҚ-ның төрағасы Ахметжан Есімов қатысты. Жоба бойынша арнайы төсеніші бар жолдар, скейт-парк, дерт-трек, памп-трек, модульді бөлмелер, 200 орынды көрермен трибуна салынды. Аймақ көгалдандырылып, 150 ағаш отырғызылды.

Велотрек қаладағы спорт мектептерінің оқушыларына сабақ өткізу үшін, көпбалалы және тұрмыс төмен отбасы балаларының велоспортпен тегін шұғылданыуы, түрлі жарыстар мен спорттық шаралар ұйымдастыру, «Apple Team» велокомандасын дайындау үшін қажет нысан болмақ.

Бұрын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Орталық саябақ та жаңарған еді. Басқарушы компания инвестиция



ретінде 1,6 млрд. тенге жеке қаржысын жұмсап, жана субұрқақтар, балалар мен спорт аландарын салды. Жарық бағаналары, асфальт төсеніштер, тротуар плиткалары жанарып, навигация орнатылды. Саябақтың тура ортасынан орын алған бұрынғы көлік тұрағының орнына спорт аландары, стрит-воркаут, баскетбол, футбол аландары, роллердром мен скейтдром салынды.

Жазғы сахнаның шығыс

жағына алма ағашын бейнелейтін жана субұрқақ пайда болды. Бұдан өзге, 2015 жылы қабылданған «Алматы–2020» даму Бағдарламасы аясында мегаполистің тарихи орталығының 60 пайызы жөндеді. 600-ге жуық көше мен 1400-ден астам ескі аулалар жаңарды. Кеше жарығының үштен бірі диодты және энергия жинақтаушы шамдармен ауыстырылды. 300 шақырым арық және 2000 шақырым инженерлік желілер ауыстырылып, таратылды. Қаланың барлық жерасты өтпелі жолдары жаңарды.

Биылғы жылы қаланың барлық көпқабатты үйлерінің 50 пайызын қамтитын тағы 600-ден астам аулада жөндеу жұмыстары жоспарланған. 120-дан астам көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан өзге, қаланың 14 ықшамауданында 456 жана көше салынады. Шет аймақтарда бірқатар парктар, скверлер мен жүргінші аймақтары абағандырылады. Қалада қауіпсіз орта қалыптастыру мақсатында 120-дан астам көшеге жана LED-шамдары орнатылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ

Алматы қаласында 38 отбасы «Саялы-1» ықшамауданынан пәтер алды

Олар «толық емес отбасы» санаты бойынша мемлекеттен берілетін үй кезегінде тұрған. Отбасы құрамына байланысты оларға бір және екі бөлмелі пәтерлер бөлінген.

Кеше пәтер иелеріне «Бақытты отбасы» орталығында ресми түрде кілттері табысталды. Аталған баспаналар мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында берілді. Мемлекеттік жеңілдікпен берілген пәтерді иеленгендердің бірі Аида Сүйінбаева үй кезегін екі жыл күткендігін айтты.

«Мен ұлымды жалғыз тәрбиелеп отырғандықтан, 2017 жылы «толық емес отбасы» санаты бойынша баспанаға кезекке тұрдым. «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен» шот ашып, ақша жинай бастадым. Қазіргі кезде пәтер сомасының 20%-ын жинап қойдым. Бағдарлама талаптарына толық сәйкес келгендіктен, менің келісіміме қол қойылды. Енді ай сайын 71 мың теңгеден төлейтін боламын», – дейді А.Сүйінбаева.

Жалпы, қаламызда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл ретте



тиімді шаралардың бірі – мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы. Оның негізгі ерекшелігі пәтерлердің құны мен несие бойынша пайыздық мөлшерлеменің төмендігінде. Осылайша соңғы 3 жылда толық емес отбасыларға 2 мыңға жуық пәтер берілген. Сонымен қатар, қалада көпбалалы және тұрмыс төмен отбасыларға арналған «Бақытты отбасы» бағдарламасы

жүзеге асырылып келеді. Мәселен, 4 мамыр күні 44 отбасының банк шоттарына пәтер алуға бастапқы жарнаны өтеуге берілген 1 млн. теңге көлеміндегі қаражат аударылды. Тұрғын үй сертификаттарын ресми түрде табыстау рәсімі кейінге жоспарланған.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУКАТ
БАСҚАРМАСЫ.